

Бір лауазымдық деңгейдегі қызметкерлер арасында жұмыс тәртібіндегі түйінді мәселелерді шешуге рұқсат етіледі, егер де ол тиімді жұмыс істеуге мүмкіншілік берсе.

3.5.4. Түрлі деңгейдегі мәселелерді шешу кезінде қызметкерлердің бастамасы, университет іс – әрекетін ынталандыру бойынша ойларды ұсыну, білім беру бағдарламаларын жақсарту көтермеленеді.

3.5.5. Университеттің барлық қызметкерлері мансаптық көтерілу саласында тең мүмкіндікке ие. Басшылық барлық қызметкерлердің мүдделері мен құндылық басымдылықтарын ескере отырып өзін өзі жүзеге асыруға тең мүмкіншілік беруге кепіл береді.

3.5.6. Университет қызметкерлеріне кәсіби қызметі бойынша сынды ескертулерді дұрыс айтып және қабылдап, жіберілген кемшіліктерді мойындау және түзету қажет.

4. ДАУЛЫ ЖАҒДАЙЛАР МЕН ТАЛАС МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ

4.1. тиімді қызмет етуі қызметкерлердің міндеттерін нақты бөлуді және қызметкерлердің міндеттерін нақты бөлуді және қызметкердің жауапкершілік саласы мүдделер дауын қарастыратын жағдайларды шығаруды болжамдайды.

4.2. Даулы жағдайлар пайда болса, оны жедел және тиімді шешу мүмкіншілігіне ие барлық жақтар ақпараттандырылады.

4.3. Бір де бір бөлімше даулы жағдайларды өз пайдасына шешетін айрықша құқығын пайдалана алмайды.

